

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 55 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 сәуірде № 2142 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 29.01.2015 № 10 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидиялар көлемдері бекітілсін:
 - 1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша 1 қосымшаға сәйкес;
 - 2) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2 қосымшаға сәйкес.
2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтүзбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
 - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Мұратбай Сматайұлы Жолдасбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	К. Көкрекбаев
-------------	---------------

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

Г.С. Исаева

"26" наурыз 2014 жыл

	Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 55 қаулысына 1-қосымша
--	---

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық әкімдігінің 27.11.2014 № 320 қаулысымен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидия сомасы, мың теңге	Е т т і бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18 000	24 723	445 016,4	
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	5 270	105 400	
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	1 869	287 826	
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, Америка Құрама Штаттарынан және Канададан)	бас	200 000	185	37 000	
	Барлығы:				875 242,4	
Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы						
1.	Селекциялық және асыл тұқымды жұмысты жүргізу					
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы		20 000	3 944	78 880	
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу					

1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	632	9 7 278,560
	Барлығы:				1 7 6 158,560
Ірі қара мал шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2801,82	44 000	123 280
	Барлығы:				123 280
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы					
1.	Ата-тектік, ата-енелік нысандары бар отандық асыл тұқымды құс фабрикаларынан жұмыртқа бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды, сондай-ақ асыл тұқымды жұмыртқаларды сатып алу				
	тәуліктік балапан (ақырғы)	бас	50	60 000	3 000
	Барлығы:				3 000
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымды жұмысты жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	1 500	98 106	1 4 7 159,040
2)	асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы	бас	1 500	140 000	210 000
2.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	17 503	140 018
	Барлығы:				4 9 7 177,040
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	531	21 240
	Барлығы:				21 240
	Жиыны:				1 696 098

	Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 55 қаулысына 2-қосымша
--	---

Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық әкімдігінің
27.11.2014 № 208 қаулысымен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидия сомасы, мың теңге	Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	
						1	Сиыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату
1)	2 деңгей	тонна	170 000	1 589,736	2 70 255,195		
2)	3 деңгей	тонна	120 000	1 259,066	151 088		
	Барлығы:			2 848,802	4 21 343,195		
Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы							
1.	Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату						
1)	2 деңгей	тонна	15 000	2 304,747	34 571,205		
2)	3 деңгей	тонна	10 000	2 656,410	26 564,1		
	Барлығы:			4 961,157	61 135,305		
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы							
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату	мың дана					
1)	3 деңгей	мың дана	2 000	27 690	55 379		
	Барлығы:			27 690	55 379		
Шошқа шаруашылығы							
1.	Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату	тонна	98000	2500	245 000		
	Барлығы:			2500	245 000		
Қой шаруашылығы							
1.	Қой етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	100 000	1 040,42	104 042		
2.	Биязы жүн өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	130 000	369,11	47 984		
	Барлығы:			1 409,53	152 026		
Жылқы шаруашылығы							
1.	Жылқы етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	92 000	427,5	39 330		
2.	Қымыз өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	60 000	11,475	688,5		
	Барлығы:			438,975	40018,5		
	Жиыны:				974 902		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК